

## Алғыс айту шексіз Сізге!..

// Құттықтау

### Қадірлі жерлестер!

Сіздерді көңілге дәру көркем көктемнің алғашқы күнін ажарландыра түсетін Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тоғыз жыл бойына тойланып келе жатқан бұл мереке – қазақ халқының ешкімді жатырқамайтын жайсаң болмысы мен даладай дархан кеңдігін гиззат тұтуға шақыратын гибратты күн.

Талай ұлт пен ұлысты татулықтың бесігінде тербеткен толерантты еліміздің алтын діңгегі – келісім мен бірлік. Алғыс айту күнінде ұлықталар ең басты құндылықтар да осылар.

Алғыстың арытпайтын қасиетіне қанық халқымыз бұл күні бір-біріне ризашылығын білдіріп, ізгі ілтипат көрсететін ганибет үрдіс қалыптастырып үлгерді. Арадағы сыйластықты арттырып, ізгіліктің ізіне салатын игі мереке сонысымен де мәнді.

Алғыс айту күні құтты болсын, Атырау жұрты! Әр шаңыраққа бақ-береке, амандық тілеймін. Алғысқа бөлеп, шаттыққа кенелтер сәттер көп болсын!

**Серік ШӘПКЕНОВ,**  
Атырау облысының әкімі



Коллажды жасаған: Дүркен ҚУАНЫШ

\*Ұлы Жеңіске – 80 жыл

### Өмірлеріңіз – өнеге

Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Ұлттық ұланның «Батыс» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Бекайдар Қазкеев ғасыр жасаған Ұлы Отан соғысының ардагері, 101 жастағы Складенко Вениамин Пантелеевичті арнайы барып құттықтап, сыйсияпатын табыс етті. Майдангер бүгінде көршілес Орал қаласында тұрады.

– Сол бір сұрапыл жылдар алыстаған сайын оның ауырталпығын сезіну де ерекше бола түседі. Біз майдан даласында ел мен жер үшін шайқастық. Өмірден түйгенім – әрқашан айналаңадығаларға жақсылық жасау керек. Себебі жасаған жақсылығың Құдайдан қайтады, – деді ардагер Вениамин Пантелеевич өткен күндерді еске алып.

Қолбасшы Бекайдар Қазкеев соғыс және еңбек ардагеріне алғыс айтып, оның ерлігі мен өмір жолы бүгінгі буын үшін зор үлгі екенін атап өтті.

– Сіздер жасаған ерлік – мәңгілік. Біз, кейінгі ұрпақ, бейбіт өмірдің қадірін біліп, сіздердің аманаттарыңызды адал атқаруымыз керек. Бүгінгі жас сарбаздар үшін сіздердің батырлық жолдарыңыз – нағыз өнеге. Ұлттық ұланның әрбір әскери қызметшісі өз борышын адал атқарып, Отанды қорғау жолында аянбай қызмет етеді, – деді генерал-майор Бекайдар Қазкеев.

Іс-шара барысында әскери бөлімнің өнерпаздары соғыс жылдарындағы әндерді орындап, ардагерге ерекше көңіл-күй сыйлады. «Катюша» және «День Победы» әндері шырқалған сәтте Вениамин Пантелеевич те, генерал-майор Бекайдар Қазкеев те өнерпаздармен бірге қосыла ән шырқады. Бұл әсерлі сәт майдангерлер рухының өшпес белгісіндей болып, бейбіт өмірдің қадірін сезінудің тағы бір айқын көрінісіне айналды.

Кездесу соңында ардагер қонақтарға ақ батасын беріп, еліміздің тыныштығы мен сарбаздардың амандығын тіледі.

Өз тілшіміз

// Құттықтау



### Құрметті жерлестер!

Сіздерді шын жүректен күллі мұсылман асыға күтетін Рамазан айының келуімен құттықтаймын!

Рамазан — гибраты мен нығметі мол рухани тазару айы. Адамды бойын жат әдеттен ада ұстауға баулып, ізгі амал мен ізетті пейілге, мейірім мен қамқорлыққа үндейтін бұл айдың тәлім-тағалымы ұшан-теңіз. Рамазанда риясыз көңіл мен тілеуестік салтанат құрып, бауырмалдық пен татулықтың жібі беки түседі. «Айлардың сұлтаны» деп ардақталатыны да осыдан болса керек.

Рамазан айы ризықты болсын, ағайын! Исламның бес парызының бірі — ораза тұтқан жамағаттың құлшылық-гибадаты қабыл болсын. Елімізге амандық, жұртымызға ырыс-ынтымақ, бақ-береке тілеймін!

**Серік ШӘПКЕНОВ,**  
Атырау облысының әкімі

\*Нысана

## Міндетін АТҚАРМАҒАН МЕРДІГЕР

АҚПАН АЙЫНЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ АТЫРАУ АҚ КӨРПЕСІН ЖАМЫЛДЫ. БАЛАЛАР ЕКІ БЕТІН АЯЗ «СҮЙГЕНІНЕ» ҚАРАМАСТАН ЖАПАЛАҚТАҒАН АҚ МАМЫҚҚА АСЫР САЛЫП ОЙНАП МӘЗ БОЛЫСТЫ. ИӘ, МҰНДАЙ АУА РАЙЫ КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ СІРЕК КЕЗДЕСЕТІН ҚҰБЫЛЫСҚА АЙНАЛЫП БАРА ЖАТҚАНДАЙ. ДЕСЕК ТЕ, ТАБИҒАТ-АНАНЫҢ МІНЕЗІНЕ БІРДЕН ТӨТЕП БЕРЕ АЛМАЙ ҚАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР ДА КЕЗДЕСТІ. ӘСІРЕСЕ, ТАС ЖОЛДАР ЖАБЫЛЫП, ЖҰРТШЫЛЫҚ БІРАЗ ӘБІГЕРГЕ ТҮСКЕН ЕДІ.

(Толығырақ 3-бетте)



Суретті түсірген Ерлан АЛТЫБАЗЕВ

\*Білім

## Дарынды оқушылардың додасы



Ұлттық құндылықтарды жастар арасында компьютерлік ойындар арқылы насихаттау, оқушыларды «театр өлеміне» тарту арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, рухани адамгершілік қасиеттерді бойға сіңіру, ағылшын тілін еркін меңгеру үшін арнайы платформа қолдану секілді тың идеялар республикалық ғылыми жобалар байқауында ұсынылды. Абай орталығында ресми түрде ашылған білім додасына еліміздің түкпір-түкпірінен шәкірттер қатысып, жобаларын таныстырды. Осылайша, оқушылардың үздік зерттеу жұмыстары мен өнертабыстарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған конкурс 9 секция бойынша өз жұмысын бастады.

Ашық көрме форматында өткен республикалық байқауда қатысушылар

ойын емін-еркін айту үшін барлық жағдай жасалды.

– Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында республикалық ғылыми жобалар конкурсы елімізде 1999 жылдан бері өткізіліп келеді. Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша ақпан айының 16-21 аралығында Ақтөбе қаласында ұйымдастырылды. Ал Атырау қаласында қоғамдық-гуманитарлық бағытта өтуде. Жалпы, республикалық кезеңге 700-ден астам жобамен 900-ға жуық шәкірт іріктелген болатын. Соның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағытта 260-қа жуық жобамен 320 оқушы қатысып, жұмыстарын қорғайды. Басты міндет – ғылыми ізденіске құштар жастарға қолдау көрсету, – дейді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының бөлім басшысы Ерқұлан Нұртазанов.

Екікүндік республикалық байқаудың қорытындысы газеттің келесі санында толығырақ беріледі.

**Айбөпе САБЫРОВА,**  
суретті түсірген Әнуар ӘБІЛҒАЗИНЕВ